

Г.Б. Нарымбет ¹, С.Е. Жанболатов ², Г.У. Ахметишина ^{3*}

¹PhD, М.О.Әуезов атындағы ОҚУ, Қазақстан, Шымкент,
e-mail: n.gulnur_85@mail.ru.

²педагогика ғылымдарының кандидаты, М.О.Әуезов атындағы ОҚУ
Қазақстан, Шымкент, e-mail: Sattar0168@mail.ru

³PhD, Қазақ ұлттық спорт университеті, Қазақстан, Астана,
e-mail: guldena_82@mail.ru

АЛТЫН ОРДА МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ «ҚАРАША БИЛЕРДІҢ» АТҚАРҒАН РӨЛІ

Аңдатпа

Алтын Орда тарихы еліміздің тарихымен тұтасып жатқан тарих. Соңы кезде Жошы ұлысының тарихына қатысты зерттеулердің көптеп жазылып жариялануына қарамастан, осынау алып империяның мемлекеттік құрылымындағы билік тармақтарының жіктелуі әлі де жеткілікті қарастырылмаған. Сондықтан да біз өз мақаламызда аталған кемшіліктің орнын толтыру мақсатында Қараша билер деп аталған билер тобының билік құрылымында атқарған қызметі мен құзіреті олардың Алтын Орда мемлекетінің күшейіп өркендеуінде қосқан үлесі мен басқару ісіндегі ықпалын қарастырдық. Біз өз зерттеуімізде Жошы Ұлысында Шыңғыс ұрпағы болмағандықтан ғана хан сайланбай әйтседе осы Алтын Орда мемлекетіндегі хандарды билік-ке әкеліп және биліктен тайдырып хан аталмағанмен хандар тағдырын шешкен ұлы тұлғалардың тарихтағы рөлі мен осы ұлыстың басқа мемлекеттермен қарым-қатынасындағы олардың ықпалы талдау нысанына айналды. Бұл Қараша билер деп аталған билер тобының қызметінің бір саласы халықаралық қатынастар болды және Алтын Орда ханының атынан және оның тапсырмасы бойынша хат алмасу арнайы түрде жүргізілгенімен, негізгі келіссөздер мен шарттардың талаптарын белгілеп берді. Мақалада алғаш Төрт би жүйесін зерттеген В.В.Вельяминов-Зернов, Қадырғали Жалаири. Олардың еңбегі Төрт қараша бидің маңызын түсінуге жол ашты. Қадырғали Жалаиридің өзі де Қараша би дің бірі болған Бұл бағытта Рашид ад-диннің жазбалары да мақаламыздан тыс қалмады. Кейінгі Алтын Орда билеуші билерінің тағы бір ерекшелігі төрт бидің ішіндегі көшбасшысы «Билер биі» деп аталған. Бұл билер биі Алтын Орда ұлыстарының бірін басқаруды жалғастырды. Мұның бәрі қарашы бекті тек бектердің бірі немесе әмірлердің үстіндегі Әмірге ғана емес, сонымен бірге ханның ең жақын көмекшісі және уәзірі, Жошы ұлысының әскери жүйесін басқарудың барлық бағыттарын өз қолында ұстаған мемлекеттің басты қайраткері ұлы уәзір етті. Мұндай билік олардың ішіндегі ең көрнектілеріне тарихтың шешуші сәттерінде ханның номиналды қатысуымен Алтын Орданы өз бетінше басқаруға мүмкіндік берді. Зерттеу мақаланың маңыздылығының өзі тұлға туралы білімнің дамыған құрылымы сипатында әрекет ете отырып кез-келген тарихи тұлғаны зерттеу кезінде мазмұнды таңдауға негіз бола алады.

Кілт сөздер: Хан, Қараша билер, Билер биі, тайпа, әмір, уәзір, билер кеңесі, құжат.

Г.Б. Нарымбет ¹, С.Е. Жанболатов ², Г.У. Ахметишина ^{3*}

¹PhD, Южно-Казахстанский университет им. М. Ауэзова,
Шымкент, Казахстан, e-mail: n.gulnur_85@mail.ru.

²кандидат педагогических наук, Южно-Казахстанский университет им. М. Ауэзова,
Шымкент, Казахстан, e-mail: Sattar0168@mail.ru.

³PhD, Қазақский национальный университет спорта, Астана, Казахстан
e-mail: guldena_82@mail.ru

РОЛЬ «КАРАША БИЕВ» В СИСТЕМЕ ГОСУДАРСТВЕННОГО УПРАВЛЕНИЯ ЗОЛОТОЙ ОРДЫ

Аннотация

История Золотой Орды переплетается с историей нашей страны. Несмотря на то, что в конце концов было написано и опубликовано большое количество исследований, касающихся истории Улуса Джучи, классификация ветвей власти в государственном устройстве этой гигантской империи до сих пор недостаточно изучена. Поэтому в своей статье мы рассмотрели деятельность и компетенцию группы биеев, названных «Караша би», в целях восполнения указанного недостатка, их вклад в развитие государства Золотая Орда и влияние в управленческой деятельности. В нашем исследовании предметом анализа стала роль великих лиц в истории и их влияние в отношениях этого улуса с другими государствами, решившими судьбу ханов, не будучи избранными ханом, а только потому, что в Улусе Джучи не было потомка Чингиса. Одной из сфер деятельности этой группы биеев, известной как Караша би, были международные отношения, и хотя переписка от имени хана Золотой Орды и по его поручению велась особым образом, она определяла условия основных переговоров и договоров. В статье впервые исследованы Системы Четыре биеев. В.В. Вельяминов-Зернов, Кадыргали Джалаири. Их труд четыре биеев проложил путь к пониманию значения биеев. В этом направлении, где Кадыргали Джалаири также был одним из караша биеев, записи Рашида ад-дина также не остались незамеченными в нашей статье. Еще одна особенность более поздних правящих биеев Золотой Орды-это то, что лидер из четырех биеев назывался «Билер бии». Эти бии продолжали править одним из улусов Золотой Орды. Все это делало караша Бека великим визирем не только одного из беков или Эмира над эмирами, но и ближайшего помощника и визиря хана, главного государственного деятеля, который держал в своих руках все направления управления военной системой Улуса Джучи. Такая власть позволила самым выдающимся из них самостоятельно управлять Золотой Ордой при номинальном участии хана в решающие моменты истории. Само значение исследовательской статьи может служить основанием для выбора содержания при изучении любой исторической личности, действуя по характеру развитой структуры знаний о личности.

Ключевые слова: Хан, караша, Бектербеги, племя, Эмир, визирь, совет биеев, документ.

¹PhD, South Kazakhstan University named after. M. Auezova, Shymkent, Kazakhstan,
e-mail: n.gulnur_85@mail.ru.

²candidate of pedagogical sciences, South Kazakhstan University named after. M. Auezova,
Shymkent, Kazakhstan,
e-mail: Sattar0168@mail.ru.

³PhD, Kazakh National Sport University, Astana, Kazakhstan
e-mail: guldena_82@mail.ru

THE ROLE OF "KARASHA BIYEV" IN THE GOLDEN HORDE PUBLIC ADMINISTRATION SYSTEM

Abstract

The history of the Golden Horde is intertwined with the history of our country. Despite the fact that a large number of studies on the history of the Jochi Ulus were eventually written and published, the classification of branches of government in the state structure of this gigantic empire is still insufficiently studied. Therefore, in our article, we examined the activities and competencies of a group of biyeys called "Karasha bi" in order to make up for this shortcoming, their contribution to the development of the Golden Horde state and their influence in management activities. In our study, the subject of analysis was the role of great personalities in history and their influence in the relations of this ulus with other states that decided the fate of the khans without being elected khan, but only because there was no descendant of Genghis in the Ulus of Jochi. One of the fields of activity of this group of biyeys, known as Karasha bi, was international relations, and although correspondence on behalf of the Khan of the Golden Horde and on his behalf was conducted in a special way, it determined the terms of the main negotiations and treaties. The article is the first to study the Four Biev Systems. V. V. Vel'yaminov-Zernov, Kadyrgali Jalairi. Their work on the four beys paved the way for understanding the meaning of beys. In this direction, where Kadyrgali Jalairi was also one of the karasha biyeys, Rashid al-Din's writings also did not go unnoticed in our article. Another feature of the later ruling biyeys of the Golden Horde is that the leader of the four biyeys was called "Biler biy". These biy continued to rule one of the uluses of the Golden Horde. All this made Karashi Bey the grand vizier not only of one of the beks or the Emir over the emirs, but also of the khan's closest assistant and vizier, the main statesman who held in his hands all areas of management of the military system of the Jochi Ulus. This power allowed the most prominent of them to independently manage the Golden Horde with the nominal participation of the Khan at crucial moments in history. The very meaning of a research article can serve as a basis for choosing the content when studying any historical personality, acting on the nature of the developed structure of knowledge about the personality.

Keywords: Khan, Karasha, Bekterbegi, tribe, Emir, vizier, council of biyeys, document.

Кіріспе Алтын Орда империясының саяси құрылысын тереңірек білу үшін, «Төрт қараша би» жүйесін түсіну керек. Кейінгі Жошы ұлысы кезеңін зерттеу, жалпы Алтын Орданың монғол империясының белді бір ірі мемлекеті ретінде құрылысын түсінуге жол ашады. Кейінгі Алтын Орданың әр мемлекетінің түрлі элементтері болды. Жошы ұлысы мемлекетінің төменгі деңгейінде қарапайым бағынышты халық тұрды. Мысалы Қазан хандығында тұрғылықты түркі халықтары мен фин-угорлар тұрған, олар Шыңғыс ханнан тараған тұқымдарға жатпайтын. Сонымен қатар мұның мысалына башқұрттар мен мордвалар т.б ұлттар мен ұлыстарды айтуға болады.

Алтын Орданың ең жоғары сатысында бұл мемлекетте хан лауазымындағы тұлға тұрды. Ханның қарауында бірнеше төрелер мен қызмет ететін адамдар және салық жинаушылар болды. Олар тікелей ханға бағынышты болды. Қазан ханы Сақып Гирейдің жазба

құжаттарынан белгілі болғандай ханның қарауында бірнеше қызметкерлер түрі болған қазылар, почта байланыс қызметкерлері, кеден қызметкерлері болған [1].

Сонымен бірге салық жинау қызметкерлерінің жұмысы аса маңызды роль атқарған. Жалпы мемлекетте хан міндетті түрде ең ықпалды лауазым болмады. Мемлекетті басқаруда «Төрт қараша биден» тұратын кеңес маңызды роль атқарды. Оларды Дуан кеңесі деп атаған. Аса маңызды мемлекеттік мәселелер осында шешімін тауып отырған. Олар тіпті монғол мемлекеттеріндегі хандарды сайлап ауыстырып, тағайындап отырған. Ханның бірде бір шешімі егер осы қараша билер кеңесі мақұлдап келіспесе қабылданбаған. Олар ханның мөрімен қатар өздерінің мөрін соғып шешімді растап отырған. Осы төрт қараш билер Әскерді де бақылауда ұстап билік жүргізген. Осы билердің көшбасшысы ханмен теңдей дәрежеде беделге ие болған. Мұндай билердің жарқын мысалы ретінде Едіге биді айтуға болады. Едіге Алтын Ордадағы хандарды тағайындауда шешуші пікір айтқан зор бедел иесі болған. Талай хан Едігенің айтуымен сайланған. Төрт би жүйесі Алтын Ордада ХІХ ғасырда ғана В.В.Вельяминов-Зернов зерттеуінде зерттеле бастаған [2]. Кейінгі Алтын Орданы қараша билерді зерттеудегі негізгі белгілері:

Этимология

1. Төрт саны
2. Басқарушы тайпаның лидері
3. Көшбасшының орынбасары
4. Бейлербей төрт бидің ең бастысы
5. Бейлерби «әскер қобасшысы
6. Төртқараша би ханды сайлайды
7. Төртқараша би жаңа ханды таққа отырғызу рәсімін жасайды
8. Шет елдік басқарушылармен хат алмасады
9. Құжаттарды бекіту оны таңдау
10. Діни қарашылар

Қараша терминіне келетін болсақ түрлі пікірлер бар, бұл расында Әбілғазының пікір бойыша ол қазақтар мен қырғыздардың арасында қызметші дегенді білдіреді. Жалпы қараша халық деген сөз тіркесі де бар сонда біздің ой тұжырымымызда бұлар халықтың өкілі солардың мүддесін білдіруші деген мағынада немесе қазіргі терминмен айтсақ халық қалаулысы сынды мағынада айтылған болса керек.

Материалдар мен әдістер. Мақаланы жазуда тарихи салыстыру және талдау әдістемелері пайдаланылды. Зерттеуде тарихи деректерді талдай отырып жүйелеу, салыстыру, қорытын-дылау тағы да басқа әдістер қолданылды. Сондай-ақ статистикалық әдістер де мақаланы жазу кезінде көрсетілді. Сонымен қатар осы тақырыптың аясындағы еліміздің және шет елдік тарихшы ғалымдардың зерттеу материалдарына сілтемелер жасалынды. Алтын Орда тарихындағы дереккөздердің тарихнамасы - өте көп. Олар көптеген тілдерде жазылған-орыс, грек, латын, чех, араб, армян, түрік, парсы, грузин, моңғол, қытай және басқалар. Баяндау көздерінен басқа (тарихи шежірелер, саяхатшылардың жазбалары) хан жарлықтары түрінде сақталған құжаттар, ресми хат алмасу үлгілері, сондай-ақ материалдық мәдениет пен өнер ескерткіштері түріндегі археологиялық деректер бар. Алтын Орданың тарихын зерттеу ХVІІІ ғасырда басталды. Алтын Орданың құрылуы туралы мәселе «Қазан шежірешісінде» қызықтырды. Моңғол державасы тарихының жекелеген мәселелері ХVІІІ ғасыр тарихшыларының еңбектерінде де қозғалған. Кейінгі Алтын Орданың жылнамасы Жами ат-Тауарих. Бұл еңбектің авторы Қадырғали Жалаири. Оның еңбегі Төрт қараша бидің маңызын түсінуге жол ашты [3]. Бұл бағытта Рашид ад-Диннің жазбалары да назарда тыс қалмады [4].

Белгілі тарихшы Карамзин Ресей мемлекетінің тарихында Алтын Орда тарихына айтарлықтай орын берді. Карамзинді негізінен орыс-татар қатынастары қызықтырды. Карамзиннің көзқарасы Алтын Орда тарихына үлкен қызығушылық тудырды [3]. Өз зерттеулерінде орыс шығыстанушыларының көпшілігі Алтын Орда мәселесіне соқпай өтпеді деуге болды. Әсіресе бұл тақырыпқа терең бойлаған В. В. Григорьев [6], В. В. Вельяминов-Зернов [2],

Г.С. Саблуков [7], В. Г. Тизенгаузен [8], Н. И. Веселовский [9] және А. К. Марковалар еді [10]. Алтын Орда нумизматикасы Жошы ұлысы тарихын зерттеуде аса маңызды көне жәдігерлер ролін атқарады. Нумизматикасыз Жошы ұлысының экономикалық өмірін анықтап қана қоймай, қарапайым хронологиялық кесте де орната алмайды. Жошы ұлысында билік еткен хандардың есімдері бізге тек Х.М. Френнің [11] Алтын Орда монеталарының жарияланымдары арқылы белгілі болды. Алтын Орданың мемлекеттік құрылымын зерттеуде В. Л. Егоровтың деректеріне сілтемелер жасалынды [12]. Сонымен қатар осы мәселені терең ашып сипаттауда зерттеуші ғалым Ю. Шамилоглу еңбектері де басшылыққа алынды [13]. Сондай – ақ шет елдік ғалымдардың еңбектерінен дерек көзі болып белгілі саяхатшы Зигмунд Фон Гербертштейн деректері алынды [14]. Араб тіліндегі мамлюк дереккөздері ретінде Ноғайдың ролін Ибн Халдуның жазбаларынан [13] және Ибн –Фадлах ал Умаридің [15] деректеріне сілтемелер жасадық.

Нәтижелері. Бектербегінің тағы бір қызметі дипломатия болды және ханның атынан және оның тапсырмасы бойынша хат алмасу ресми түрде жүргізілгенімен, негізгі келіссөздерді ұлық Қараши бектің өзі жүргізіп, шарттардың талаптарын талқылап, елшілерге нұсқау берді. Сот билігі, әсіресе зайырлы мәселелер бойынша, ұлы Әмірдің қолында шоғырланған. Сонымен қатар, бектербегі Алтын Орда ұлыстарының бірін басқаруды жалғастырды. Мұның бәрі карашы бекті тек карачи бектердің бірі немесе әмірлердің үстіндегі Әмірге ғана емес, сонымен бірге ханның ең жақын көмекшісі және уәзірі, Империяның әскери жүйесін басқарудың барлық бағыттарын өз қолында ұстаған мемлекеттің негізгі қайраткері етті. Мұндай билік олардың ішіндегі ең көрнектілеріне (Мамай мен Едіге) тарихтың жекелеген кезеңдерінде ханның номиналды қатысуымен Орданы өз бетінше басқаруға мүмкіндік берді. Осы уақытта жанжал өзінің шарықтау шегіне жетті. Шыңғыс үйінің үміткерлерімен бірге әскери моңғол ақсүйектерінің ортасынан билікке үміткер пайда болды. Мұндай тұлға Мамай әмір болды. Алтын Ордадағы түмен басы әскери қолбасшының ең жоғары лауазымы деп аталды. Түмен басы хан бола алмады. Хан атағын тек Шыңғыс ханның отбасына тиесілі әкесінің қаны бойынша адам ғана алды. Бірақ көптеген түменбасылар өздерінің қабілеттерімен соншалықты жоғары күшке қол жеткізді, олар өз күштерімен хандарды тағайындап ауыстырып, хан тағын өз мақсаттарына пайдаланды. Біздің тарихымызда осындай түмен басы әмірлердің көпшілігі ішінде Мамай танымал [13]. Едіге де солай болды. Орыстың белгілі тарихшысы Николай Карамзин «Ресей мемлекетінің тарихында»: «Бәрі Моғолстанға сұр ханзада Едіге, керемет мақсат пен батылдық иесі келгенде өзгерді», – деп жазды [5]. – Ол Ордадағы екінші Мамай болды және ханға үстемдік етті; Бір кездері Ақсақ темірге қызмет етіп, оның рақымының белгілерін тағып жүрді. Едіге, Темірдің серігі, Витовттың жеңімпазы, ұлыстардағы құдіретті князь Василиймен достық қарым-қатынаста болды; оған ұлының мейірімді есімі мен Литваға соғысуға опасыздықпен кеңес берді, сонымен бірге Витовтарға Мәскеу княздігін жоюға кеңес берді [5].

Жошы ұлысының билеушілері Шыңғыс ұрпақтары десек те осынау тұлғалардың тарихи ғұмырнамасы арқылы орасан зор билікті қолдарына шоғырландырып Жошы ұрпақтарының билігін бақылап, тіпті онда хан ретінде тағайындап ауыстырып отырғанынан хабардармыз. Демек Жошы ұлысы тек монғолдар мемлекеті емес, оның шынайы билігі түркі тұқымынан шыққан билердің Ноғай, Едіге сынды басқа да тұлғалардың қолында болғаны. Алтын Орда мемлекетін құрып басқарған аса ірі империяның гүлденіп әлемдік дәрежеде тарихтан орнын алуына атсалыққан түркілердің де мемлекеті болғаны екендігін атап өтуіміз керек.

Талқылау. Зигмунд Фон Гербертштейн Ресейге саяхат жасаған соң былай деп жазды 1517-1526 жылдары татар патшаларының төрт кеңесшісін атап көрсетіп олардың кеңестерінің аса маңызды мәселерді шешкенде ескеріп санасып отыратынын жазады. Оның жазуынша кеңесшілердің біріншісін Шими десе екіншісін Вами деген үшіншісін Гаргни ал төртіншісін Тизпан деп атаған (бұл нысандар шырын, барын, арғын, қыпшақ дегенмен сәйкестенеді) [15]. Қырым хандығындағы Сақып Гирей ханның тұсындағы Эссебусеар жазбаларға қарағанда шырын, барын, арғын, қыпшақ билеуші тайпалар болған. Иоан Грозный тарихы деп аталған А.Курбскидің белгілі қайнар көздерінің бірінде төрт қараша би

турасында аталады, бірақ олардың саны есепке алынбайды [16]. Енді бір құжатты Вельяминов-Зернов келтіреді. Бұл құжат Қазан ханы Абдулатифтің берген құжатының аудармасы онда Қазан хандығында басқарушы төрт тайпа шырын, барын, арғын, қыпшақ деп аталған [17]. Вельяминов – Зернов тағы бір мысал ретінде төрт әмірді Ахмедті, Орақты, Садырды, Ағышты Қазанды Мұхаммед Аминнен 1469 жылы Шайбанидтік әмір Мамықтың тартып алу әрекетін қолдаушылар ретінде құжаттарда аттарының кездесетінін айтады. Бірақ Мамық қаланы алысымен төрт биді зынданға тастап көпестердің мүлкін барлық жерлерін тәркілеуге кіріседі Қырымнан тыс қайнар көздердің дара бірі бұл Кейінгі Алтын Орданың жылнамасы Жами ат-Тауарих. Бұл еңбектің авторы Қадырғали Жалаири Қадырғали Жалаиридің өзі де Қараша би дің бірі болған [3]. Жалайыр басқарушы тайпасының өкіюлі ретінде билік еткен. Ал Рашид ад-Диннің еңбегінің соңғы тарауларында Қасым хандығындағы оқиғаларға арнаған бөлігі бар. Бұл еңбекке сай Ораз Мұхамед патшалық еткен 1600-1610 жылдары аралығында төрт билеуші тайпа болғаны айтылады. Бұл тайпалар арғын, қыпшақ, жалайыр және манғыт деп көрсетілген. Вельяминов-Зернов жазуы бойынша қарашы би ноғайлар арасында қызметкер, бағынышты деген мағынада айтылған. Ол ноғай көшбасшысы Исмайл би қарашы терминін оның мәскеудің қызметіндегі адам екенінін білдіретін мағынада айтылған деп тұжырымдайды. Бірақ бұл Вельяминов-Зерновтың ноғай көшбасшысын шыңғыс ұрпақтарымен терезесі тең саналмағанын түсінбегенін білдіреді.

Тіпті ол ноғай көшбасшыларының Едігеден басшысынан тарағанын білдірсе де, Мысалы ноғай мырзасы Бөлек Болат IV Иванға 1556 жылы «Исмайл бұрынғы жылдардағы Едіге сынды князы болды, ал Юнус Нұраддин сынды болды» - дейді. Шын мәнінде бірнеше маңғыт ұлыстары болған олардың әрбірі бөлек билеуші тайпа болып саналған сияқты» - деп жазған. Өйткені олардың әрбірі бөлек мемлекетте билік құрған. Қырым хандығы үшін билеуші тайпалардың ішіндегі лауазымдардың қалға, нұраддин деген атақтары белгілі болған. Қалға термині қырым ханының мұрагерінің атағы ретінде қолданылған. Лашковтың келтірген құжаттарында рудың үлкенінің Шырын тайпасында би деп аталғаны одан кейінгі атақ қалға деп ал үшінші атақ нұраддин деп аталған сонан соңғылары мырза деп аталаған, ал мырзалардың маңызды рөл атқарғаны жазылады [18]. Бұл құжат бойынша қалға мен Нұраддиннің өз кландары болған бірі ханға тиісті болса енді бірі Шырын тайпасына қосылған. Вельяминов-Зерновтың жазуынша нұраддин атағы Едігенің ұлы Нұраддиннің құрметіне атала бастаған. Кейінгі Алтын Орда билеуші билерінің тағы бір ерекшелігі төрт бидің ішіндегі көшбасшысы «Билер биі» деп атаған. Қырым жылнамаларының кейінгі Алтын Орда турасындағы құжаттардың ішінде Эс-сэб-ус-сейар бойынша шырын тайпасы жетекші билеуші тайпа болып әскерді басқарған ал арғын, барын қыпшақ тайпалары сол қанатты басқарған. Әдетте Шыңғыс ұрпақтарын хан ретінде басқару үшін шақырып отырған деген деректер бар. Айталық Менлі –Керейді Қырым хандығын басқару үшін шақырған деген. Төрт тайпа биі ханды сайлаған соң оны хан көтеру рәсімі жасалған. Саяхатшы Шильтбегердің атап көрсеткеніндей «олар ханды сайлағанда оны ақ киізге отырғызып үш рет көтереді. Сонан соң олар оны көтеріп шатырдың айналдырып таққа отырғызып қолына алтын қылыш береді. Сонан соң салт дәстүр бойынша оған бәрі ант береді» [18]. Қарашы билер қызметінің тағы бір аспектісі олардың шет мемлекеттердің басқарушы-ларымен дипломатиялық хат хабар алмасулары болып табылады Османдық мемлекетпен, Мәскеу княздығымен арадағы жазба хат хабарлар осының куәсі болып табылады.

Бұл хат хабарлар орыс, түрік мұрағаттарында да сақталған. Жоғарыда атап көрсетілгендей ханның бірде бір шығарған шешімі, жарлығы осы қарашы билердің мөрмен растауынсыз заңдық күші болмаған. Кейінгі Алтын Орда дәуірі туралы Мамлюктердің кеңселерінің жұмыстары да Ильханаттағы төрт бидің билігі турасында ақпаратты Иран жеріндегі мемлекетте де болғанын ашып көрсетеді. Ибн-Фадлах ал Умаридің деректерінде маңызды мәселелер осы төрт ұлыстың билерінің кеңесімен шешілгенін жазады [15]. Умаридің жазбаларында Алтын Ордадағы басқару жүйесі мен Ильханаттағы басқару жүйесін салыстырып әскер мен мемлекеттік басқару жүйесі де төрелер саны олардың ролі мен заңдық құжаттардың ережелердің санына дейін бірдей екендігін жазған. Бірақ ол Алтын Ордадағы

ұлыс әмірлер мен уәзірлер Ирандағы төрелердей өкілеттілік-тері мен биліктері болмады дейді. Умаридің жазбаларындағы тағы бір деталға қарағанда әмірлер сарайға күн сайын келіп өздерінің дәрежелеріне лайықты ағаш орындықтарда отыратын болған, сонымен қатар олар басқа міндеттерін орай да сарайда болатын болған. Ибн Арабшахтың Аджайб аз-макдур фи ахбар Тимур деген шығармасында Темірдің әкесі Тарағай би де сарайда ханның бас уәзірлерінің бірі болған. Саяхатшы ибн Батутаның Рихлесінде Шағатай хандығындағы Тармашырының тұсында 1326-1334 жылдары билік құрған әмірлердің жай күйі турасында сипаттағанда былай деді «оның айтуынша басты әмірлер ханың оң және сол жағында отырған. Шатырға кіре берісте наиб уәзір, хаджиб және мөрдің сақтаушысы таңба отырған олар Ибн Батута кіргенде төртеуі тұрған. Рашид ад Диннің Құбылай ханның сарайындағы әмірлердің жағдайы туралы жазбасыда төрт шыңғыс тұқымына жатпайтын әмірлердің шинсанам деп аталғанын Ұлы Дуандағы олардың ролін атап жазады [4].

Ол қытай сарайында шинганам деп аталған ұлы әмірлер болғанын олардың министрлер мен уәзірлік, әскер қолбасшылық тайфу деп аталған, түмен қолбасшылары вангшайам деп аталған қызмет атқарғанын жазған. Бұл әмірлер уәзірлер тәжіктер, ұйғырлар хитайандардан болған оларды финджан деп атаған. Финджандардың басшысы суфинджан деп аталған.

Үгедей ханның хандық таққа отыруын 1229-1241 жылдары оның әкесі Шыңғыстың қалауымен болған оқиғаны былай суреттеген деректер бар. Үгедейдің үлкен ағасы Шағатай оны көтерді оның кіші інісі Төле орталықтың адамдарын Үгедейге береді. Джувейнидің жазуынша салтанатқа қатысып тұрғандар өздерінің бас киімдерін шешіп белдіктерін арқаларына асады. Шағатай оң қолынан Өтеген сол қолынан ұстайды және кесені ұстап тұрған Ноян бәрі үш рет жаңа ханға бас иеді олар мұны тізерлеп тұрып күнге қарап жасайды. Күйік ханды таққа отырғызу рәсімі де осыған ұқсас болған.

Рашид ад-диннің жазуынша әмірлердің басым бөлігі хандық билік Күйік пен оның жанұясында қалатыны турасында жазбаша нысанда ант берген. Батудың Мөңкені хан тағайын-дауын да Рашид ад-дин осыған ұқсас жағдай ретінде жазған [4]. Рашид ад-дин бұл жерде шатыр-дың сыртындағы әскерлермен әмірлер тоғыз рет тізелерін бүгіп жаңа ханға тағзым еткенін атап көрсетеді. Үмдет ат тауарих деп атлған жылнаманың деректерінде кейінгі Өзбек ханды екі әмірдің хан тағына сайлау рәсімінде ақ қиізге отырығызып көтеріп хан еткенін жазады.

Тіпті кейінгі қазақ хандарын сайлау рәсімдері де осылай ақ қиізге отырғызып көтеру арқылы жүзеге асырылған. Умаридің жазуына Ильханатта төрт әмір уәзірдің қатысуынсыз ешқандай шешім қабылдамаған ал олар жоқ кезде уәзір өзінің орынбасарларына әмір етіп шешім қабылдай берген. Билер биі әскери мәселеде ең жоғары инстанция болып саналған уәзір қажы мәселесінде нағыз басқарушы болған ол лауазымға қойып лауазымнан босатып та отырған. Уәзір беретін құжаттар қызыл таңба деп аталған Уәзірді Елхан тағайындап отырған сондықтан уәзір соншалықты өкілетті көрінгенімен өз бетінше дербес билік институтын паш ете алмаған. Оның төрт ұлы билерінің қолы қойылмаған құжатты заңды деп табуға өкілеті болмаған. Сонымен қатар билер биі 3000000 динар раидж табыс тапса уәзір тек мұның жартысын ғана иеленген мұның өзі уәзірдің тек илханның қызметкері ретінде ғана өкілеті бар екенін көрсетеді. Алтын Орданың басқару ұйымына ғалым Г. Егоровтың бірқатар мақалалары арналған [12]. Оның еңбектері Алтын Орданың басқару институтын сиаттауда ең бір сәтті зерттеулердің бірі болып табылады. Бірақ ол кейбір терминдерді жекелеген лауазым ретінде қарастырып шатасқан тұстары да бар. Егоровтың көзқарасы төмендегі суретте айқын көрсетілген. Егоров жақсы ұйымдастырылған әкімшілік аппаратты қарастырады мұнда ең жақсы жоғары лауазымды билер биі мен уәзірлерге тиісті етеді, бұл мәселе бірақ қайнар көздерде жеткілікті назар аударылмаған. Егоровтың үйлестіруіндегі көзқарастары бойынша билербиі әскерді бақылауында ұстаған, халықаралық қатынастарды жүзге асырған басқа елдермен хат хабар алмасып тұрған, мемлекеттің құқықтық және діни мәселелеріне жауапты болған.

Уәзір билербиден кейінгі дәрежедегі лауызмды тұлға саналған. Егоров уәзірді Умариға сүйеніп нақты билігі болған дейді. Бірақ бұл билік тек Илхантатқа қатысты ғана солай болған басқа мемлекеттерде оның билігі шектеулі еді. Егоров уәзірде билербиінен кейінгі ұлыс билерінің бірі болған деп тұжырымдайды [12] М.Г.Сафарғалиев та Алтын Орданың тарихына қатысты мәселелерді жаңаша қырынан қарауға тысқан авторлардың бірі. Ол кейбір жазбаларында Алтын Орданың ұлыс билерінің санын алтау деп көрсетеді [19]. Алтын-Орданың мемлекеттік құрылысы туралы ой тұжырымын жазған авторлардың бірі кеңестік- археолог Федоров-Давыдов.

Ол Алтын-Ордаға қатысты көптеген нақты деректер келтіреді. Ол Алтын Орданы Батыс және Шығыс бөлікке бөле қарастырады [20]. Ол әмірлердің саналуан түрін Алтын Орда уәзірлерін сипаттап олардың әмірлерінің құрылтайға қатыспағанын жазады. Федоров - Давыдов та Алтын Орданың төрт қараша биі турасыда Қазанның Қасымов тұсындағы қараша-билері туралы да жазады. Алтын орданың әкімшілік құрылысы тұрғысында Г. Егоров деректерінде де көрсетілген. Онда хандық билік ең жоғарғы билік болып ал билербиі мен уәзірлерекінші деңгейдегі билік иерархиясында ал одан кейінгі орында төрт ұлыс билері орналасқан.

Тек XIII ғасырдың екінші жартысына қатысты осы мақалада Алтын Ордадағы "Төрт бейдің жүйесі" шеңберіндегі бір фигураны, атап айтқанда Шыңғысханның ұлы Жошының ұлы Бувалдың ұлы Ноғайды қарастыру ұсынылады. Ноғайдың әртүрлі мәселелердегі маңыздылығы, оның ішінде XIII ғасырдың екінші жартысындағы бірқатар хандарды таңдау мен ауыстырудағы рөлі туралы кейбір деректер бар [21]. Оның мансабына қатысты дереккөздердің көптігі оның қызметін қарастыратын ғылыми әдебиеттердің едәуір бөлігі бар екенін білдіреді. Алайда, ерте Алтын Орданың көптеген зерттеушілерін таң ететін нәрсе, сонымен бірге Ноғай славян дереккөздерінде патша деп аталса да, ислам дереккөздерінде ол тек қолбасшы ретінде сипатталады. Осы және басқа теңеулер мен сипаттамалар Шыңғыс мемлекеттері үшін Батыс патшалығының моделін қолданатын бірқатар ғалымдарды зерттеу аясында қарастыруға қызмет еткенімен, Ноғайдың мансабы Алтын Ордадағы төрт Ұлыс бейінің көшбасшысының алғашқы үлгісі бола алады.

Кейбір дереккөздер Ноғайдың әскер күштерінің көшбасшысы болғанын көрсетеді, Бату хан-ның билігі (1237-1256 жж.) тұсында оны әскер қолбасы деп көрсетсе, дегенмен көптеген дерек-көздер оның Берке хандығы тұсында көрнекті орынға ие болғанын көрсетеді (1256-1266 жж.). Рашид ад-дин Ноғайды Бату кезінде де, Берке кезінде де армия командирі (Лашкар-каш) деп атайды. Рашид ад-дин оны Алтын Орданың оң қанаты армиясының басшысы ретінде де сипаттайды. Сәйкесінше Тарих-и Гуз Ноғай «армия әмірі» ретінде Токта тұсында белгілі болды. Дегенмен оның Берке хандығындағы қызметі осы және басқа парсы дереккөздерінде де сипатталған.

Араб тіліндегі мамлюк дереккөздері Ноғайдың мансабының әскери аспектісін де қарастырады, бірақ парсы дереккөздерінен гөрі терминологияның басқа жиынтығын қолданады. Сәйкес Ибн Халдун, Ноғай Хулагу мұрагері болған Ильхан Абагидің (1265-1281 даңғ.) науқандары кезінде Беркенің көз алдында өсті. Дереккөздерге сүйенсек, Берке оны армияның басына қойды Абагидің қарсы. Сол дереккөздер Беркенің Ноғайды Абагидің жеңгеннен кейін бірнеше түменнің басына қойғаны туралы толығырақ хабарлайды. Олар сондай-ақ оны армия басшысы ретіндегі осы жорықтарға байланысты оны толықтырған басқа Қолбасшымен Есун-тай мен бірге сипаттайды. Басқа дереккөздер 1270 жылы (Менгу-Тимурдың билігіне сілтеме жасай отырып, 1269-1280) Ноғайдың жай қолбасшы емес, қолбасшылардың ішіндегі ең бастысы болғанын атап өтті.

Ноғайдың шамамен 1299-1300 жылдары қайтыс болғанын ескерсек, бұл әскери рөлде немесе тіпті сол кездегі өмірде өте ұзақ қызмет ету кезеңі. Дегенмен, дереккөздер оның ұзақ өмір сүруін шынымен көрсетеді.

Дереккөздер ноғайдың дипломатиялық қызметтерде белсенді болғанын көрсетеді, өйткені бұл «Төрт бидің жүйесі» тақырыбына қатысы бар адамнан күткендей нәрсе. Оған берілген мән мен оған көрсетілген құрмет Алтын Орда мен Мамлюк мемлекеті арасында

жүргізілген дипломатиялық алмасулар туралы хаттамадан көрінеді. Ибн Халдунның деректеріне сүйенсек Ноғай Жошы ұрпақтарының хандарына бақылау жасап отырған [13]. Бүгінгі Алтын Орданы зерттеуші ғалымдардың мәліметтеріне қарағанда 30 дан астам Алтын Орданың қалаларының орны белгілі.

Алтын Орданың ең ықпалды бектербилері Ноғай, Мамай, Едіге туралы көптеген деректерде олардың ықпалының зор екендігіне көп мысалдар келтірілген. Тіпті Едіге турасындағы аңыздар жырлар соның куәсі. Ал Мамай бекке келсек ол оның атында әлі күнге Мамай қорғаны сынды қорғанның аты сақталып, Куликово шайқасының кейіпкері ретінде тарихқа енген аса көрнекті тұлға. Ал Ноғайға келсек Ноғай ордасы деген бүтіндей бір мемлекеттің құрылуы ол мемлекеттің кезінде осы тұлғаның атымен аталуы аса көп тарихи жайттардан хабар береді. Осы екі нысанды да да Ноғай ретінде оқуды негіздеу үшін тарихи фактілерге келетін болсақ, дәл сол дереккөз Қырымға шабуыл жасаған Ноғай екенін растайды. Рукн ад-д ибн Бейбарс сонымен қатар ноғайдың қызының Ұлы Ақтаджиді Қырымға салық жинау үшін жібергені туралы оқиғаны жеткізеді (фа-арсала бн бинтихи ила раз била д ки дес рим ла-джаба пред л-ма раз л-мук дес аррар сала ахлиха) ол Токтамен солтүстікте шайқасқан кезде. Алайда, бұл немерені жергілікті халық осы кірісті жинауға келгенде өлтірді, ал Ноғай осы өлімнен кек алу үшін өз күшін жұмсады. Ибн Халдун немересінің аты-жөні, Караша еді деп жазады [13].

Қорытынды. Мақала барысында Жошы ұлысы турасында жан-жақты мәліметтер келтіріліп талдау нысанына айналдырылды. Бұл мемлекет турасында Отандық ғалымдар мен шет елдік ғалымдардың еңбектерінде жасалған зерттеулер біршама. Дегенмен Жошы Ұлысындағы қараша билер турасындағы, олардың нақты саяси қызметі мен мемлекеттің құрылысындағы рөлі турасында жасалған зерттеулер жоққа тән. Көп жағдайда бұл билердің ролі хандармен қоса қарастырылып үстірт баяндаулармен шектелеген. Осы бағытта көптеген орыс және шет елдік араб, батыс еуропа саяхатшыларының еңбектерінен үзінділер ұсынылып олардың пікірлері зерттеу арқауына негіз болды. Сонымен қатар Қараша билер институты кейінгі Русь мемлекеті мен Алтын Ордадан бөлініп шыққан мемелеттік құрылымдардың саяси жүйесіне негіз болғандығына зерттеу жұмысында қысқаша түсініктер беріліп қарастырылып өтті. Алтын Орда дәуіріндегі осы мемлекеттегі саяси құрылысы турасында мәліметтер кесте түрінде жасалып зерттеу жұмысына пайдаланылды. Сондай ақ Шыңғыс тұқымдарының Алтын Орданың хандарының шежірелік кестесі жасалып олардың саясаты ұстанған жолы турасында қысқаша мәліметтер берілді. Хронологиялық тұрғыда билік ету мерзімдері көрсетілді. Зерттеуіміздің ең басты нысаны болған Алтын Ордадағы хандық биліктің жүргізілуіне тікелей ықпал еткен Қараша төрт билер институты турасында жан-жақты талданып, салыстырмалы тұрғыда осы билік институты қалай жұмыс атқарғаны анықталды. Орыс ғалымы Г.Егоровтың зерттеуі Ю.Шамилоглының зерттеулеріндегі осы қараша билермен олардың ықпалы турасындағы мәселелерге талдау жасалынды. Сонымен қатар Алтын Орданың экономикалық маңызы мен қалардың салынуы турасында да а мәліметтер түзілді. Сондай-ақ Жошы ұлысының хандық лауазымы болмаса да нақты хан билігін иемденген үш бектербегі әмірлердің Ноғай, Мамай, Едігенің тарихи тұлғасы мен саяси қызметі таурасында жан-жақты салыстырмалы тұрғыда зерттеулер жасалынды. Бұл зерттеулер арнайы тұрғыда алғаш рет жасалғанын атап өтуіміз керек. Сондай-ақ бұл бектербегінің тұлғалары жеке-жеке және біріктірілген тұрғыда зерттеу арқауына айналғанын баса көрсетіміз керек. Қорыта айтқанда Төрт қараша би институты көшпелі халықтардың қазіргі Парламенттік жүйеге жақындау ерекше бір халықтық мүддені де қорғайтын институттың негізі болған деп тұжырымдаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мухамедьяров Ш. *Тарханный ярлык казанского хана Сахиб-гирея 1523 г., Новое о прошлом нашей страны. Памяти Академика М.Н. Тихмирова (М., 1967), С. 104–109*

2. Вельяминов-Зернов В.В. Исследование о касимовских царях и царевичах, I–II Труды Восточного отделения Императорского Русского археологического общества 9–10. СПб., 1864.
3. Жалаири Қ. «Шежірелер жинағы» /ауд. Н. Мичугуров, Б. Комяков, С. Өтениязов. - А., 1997 ж.-111
- 4 Рашид ад-дин, Джамии ат-таварих под ред. А.А. Ромаскевича, I/1 (М., 1968), С. 233–569
5. Карамзин Н. История государства российского. СПб., 1892. Гаага-Париж, 1969. С.63
6. Григорьев А. П. Сборник ханских ярлыков русским митрополитам: Источниковедческий анализ золотоордынских документов. – СПб., 2004. – С.259.
7. Саблуков Г.С. Очерк внутреннего состояния Кипчакского царства. - Казань, 1895-185с
8. Греков Б.Д., Якубовский А.Ю. Золотая Орда и ее падение. - М. - Л., 1950-120с
- 9.Тизенгаузен В.Г. Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды. Т. II. Извлечение из персидских сочинений, собранных В.Г. Тизенгаузеном и обработанных А.А.Ромаскевичем и С.Л. Волиным. – М.; Л.: Изд-во Академии наук СССР, 1941. – С. 203-204
10. Веселовский Н.И. “Несколько пояснений касательно ярлыков, данных ханами Золотой орды русскому духовенству”// Записки Императорского Русского географического общества по отд. этногр. 34. 1900. С. 525–536.
11. Марков Г.Е. Кочевники Азии. Структура хозяйства и общественной организации. М., 1976. С. 103-104
- 12.Френ Х.М. Монеты ханов улуса Джучиева или Золотой Орды, с монетами разных иных Мухаммаданских династий в прибавлении. – СПб., 1832. – С.80
- 13.Егоров В.Л. “Государственное и административное устройство Золотой Орды” // Вопросы истории. 1972. №2. С. 12–42
- 14.Шамилоглу Ю. Племенная политика и социальное устройство в золотой орде Монография-Казань Институт истории имени Ш.Марджани АН РТ-2019-260 с.
15. Herberstein, ed.-trans. R.H. Major, Notes upon Russia: Being a Translation of the Earliest Account of that Country entitled Rerum Moscoviticarum Commentarii, II, Works Issued by the Hakluyt Society (London, 1852), pp. 82
16. 'Умарӣ/Тизенгаузен. Т. I, с. 227/249; и Ат-тариф би-л-мусталахаиш-шариф, С. 45–46
17. А.М. Kurbskiy, ed.-trans. J.L.I. Fennell, Prince A.M. Kurbsky's History of Ivan IV (Cambridge, 1965), с. 40–41 и 64–65; и ИКЦЦ, II, с. 420.
- 18.ИКЦЦ, I, Труды Восточного отделения Императорского Русского археологического общества (Санкт-Петербург, 1863), с. 209, прим. 70; и II, с. 427. Вельяминов-Зернов также рассматривает дальнейшую роль мангитов в этом ханстве (ИКЦЦ, II, с. 427–428).
- 19.Лашков Ф. Сборник документов по истории крымско-татарского землевладения. Симферополь, 1897.-С.89
- 20.Сафаргалиев М.Г. Распад Золотой Орды // Ученые записки Мордовского государственного университета. Саранск, 1960.-С.56
21. Федоров-Давыдов Г.А. Общественный строй Золотой Орды. М., 1973 - С.101

References:

1. Mýhamedárovo Sh, Tarhannyi iarlyk kazanskogo hana Sahib-gireia 1523 g.", Novoe o proshlom nashei strany. Památi Akademika M.N. Tihmirova (M., 1967), PP. 104-109
2. .Veláminov-Zernov V.V. Issledovanie o kasimovskih saráh i sa- revichah, I–II Trýdy Vostochnago otdelenia Imperatorskago Rýsskago arheologicheskago obshestva 9-10. Spb., 1864.
3. Q. Jalairi "Shejireler jinaǵy" /áyd. N. Michýgyrov, B. Komekov, S. Óteniazov/ A., 1997j.-111
4. Rashūd ad-dūn , Djami at-tavarih pod red. A.A. Romaskevicha, , I/1 (M., 1968), PP. 233-569
5. Karamzin N. Istoria gosýdarstva rossuskiego. Spb., 1892. Gaaga- Parij, 1969. PP. 63
6. Grigorev A. P. Sbornik hanskah iarlykov rýsskim mitropolitam: Istochnikovedchesku analiz zolotoordynskih dokýmentov. – Spb., 2004. – PP.259
7. Sablýkov G.S. Ocherk vnýtrennego sostoiania Kipchakskogo sarstva. - Kazan, 1895. - P. 185
8. Grekov B.D., Iakýbovsku A.Iý. Zolotaia Orda i ee padenie. - M. - L., 1950 – P.120

9. Tizengajzen V.G. *Sbornik materialov, odnosashihsá k istoru Zolotoi Ordy. T. P. Izvlechenie iz persidskih sochinenu, sobrannyh V.G. Tizengajzenom i obrabotannyh A.A. Romaskevichem i S.L. Volinym.* – M.; L.: Izd-vo Akademii nauk SSSR, 1941. – PP. 203-204
10. Veselovskii N.I. "Neskolko poiasnenu kasatelno iarlykov, dannyh hanami Zolotoi ordy rýsskomý dýhovenstvý" // *Zapiski Imperatorskago Rýsskago geograficheskago obshestva po otđ. etnogr.* 34. 1900. PP. 525-536.
11. Markov G.E. *Kochevniki Azii. Strýktýra hozáistva i obshestvennoi organizasii.* M., 1976. S. 103-104
12. Fren H.M. *Monety hanov ýlýsa Djýchieva ili Zolotoi Ordy, s monetami raznyh unyh Mýhammadanskikh dinastii v pribavlenu.* – Spb., 1832. – P.80
13. Egorov V.L. "Gosýdarstvennoe i administrativnoe ýstroistvo Zolotoi Ordy" // *Voprosy istorii.* 1972. №2. PP. 12-42.
14. Shamilogly Iy. *Plemennaya politika i sotsialnoe ýstroistvo v zolotoi orde Monografiya-Kazan Institut istorii imeni Sh.Mardjani AN RT-2019-260s.*
15. Herberstein, ed.-trans. R.H. Major, *Notes upon Russia: Being a Translation of the Earliest Account of that Country entitled Rerum Moscoviticarum Commentarii, II, Works Issued by the Hakluyt Society (London, 1852), pp. 82;*
16. Ymaru/Tizengajzen. T. I, s. 227/249; i *At-tarif bi-l-mýst alahash-sharif, PP. 45-46*
17. A.M. Kurbskiy, ed.-trans. J.L.I. Fennell, *Prince A.M. Kurbsky's History of Ivan IV (Cambridge, 1965), s. 40-41 i 64-65; i IKSS, II, P. 420*
18. IKSS, I, *Trýdy Vostochnago otdelenia Imperatorskago Rýsskago arheologicheskago obshestva 9 (Sankt-Peterbýrg, 1863), s. 209, prim. 70; i II, s. 427. Veláminov-Zernov takje rassmatrivaet dalneishýy rol mangitov v etom hanstve (IKSS, II, s. 427-428).*
19. Lashkov F. *Sbornik dokýmentov po istoru krymsko-tatarskago zemlevladieniya. Simferopol, 1897.- P.89*
20. Safargaliev M.G. *Raspád Zolotoi Ordy // Ýchenye zapiski Mor-dovskago gosýdarstvennogo ýniversiteta. Saransk, 1960.- P.56*
21. Fedorov-Davydov G.A. *Obshestvennyy stroi Zolotoi Ordy. M., 1973- P.101*